

Зұлпыхарова Эльмира Өмірзаққызы

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

(Түркістан қ., Қазақстан)

E-mail: elmira10.72@mail.ru

Турсункулова Хулкар Батыровна

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университетінің

3 курс бакалавр студенті (Түркістан қ., Қазақстан)

E-mail: khulkar.tursunkulova2023@ayu.edu.kz

"СИЯСАТНАМЕ" – БИЛЕУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАЛ: ТРАКТАТТЫҢ НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Аңдатпа.

Бұл мақалада XI ғасырдың көрнекті уәзірі Низам әл-Мүліктің «Сиясатнаме» атты саяси-философиялық еңбегіне жан-жақты талдау жасалады. Шығарманың құрылымы, жанры және негізгі идеялары қарастырылып, оның билеушілерге арналған саяси-этикалық кодекс ретіндегі қызметі айқындалады. Әділет, кеңес, жауапкершілік және дін мен мемлекеттің бірлігі сияқты қағидалар тарихи мысалдар арқылы түсіндіріледі. Еңбекте билеушілердің халықпен тікелей байланысының маңызы, шағымдарды жүйелі түрде қарау, әділетсіз шенеуніктерді жазалау және маңызды шешімдер қабылдар алдында ғалымдар мен данышпандармен кеңесу қажеттілігі ерекше атап өтіледі. Сонымен қатар жауапты қызметтерге қабілетті адамдарды тағайындау мәселесі де баса көрсетілген. «Сиясатнама» тарихи контекстен тыс қазіргі басқару ісіне қатысты білімдік және идеологиялық дереккөз ретінде қарастырылып, оның көшбасшылыққа, этикаға және жастардың рухани дамуына ықпалы айқындалады. Мақалада Қазақстандағы басқару мен этика мәселелерімен байланысы талданып, бірнеше мысалдар келтіріледі, еңбектің қазіргі саяси мәдениет үшін де маңызын сақтап отырғаны көрсетіледі. Бұл зерттеу «Сиясатнаманың» тарихи мұра ғана емес, сонымен бірге заманауи саяси ойға бағыт беретін құнды еңбек екенін дәлелдейді, әрі оның тәрбиелік, мәдени және ғылыми мәні ерекше.

Кілт сөздер: Сиясатнаме, Низам әл-Мүлік, Малик-шах, саяси-этикалық кодекс, әділет, кеңес, билік, тәрбиелік қызмет, идеология, тарихи мысалдар

Зулпыхарова Эльмира Умирзаковна

кандидат исторических наук, доцент

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави

(г. Туркестан, Казахстан)

E-mail: elmira10.72@mail.ru

Турсункулова Хулкар Батыровна

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави

Студентка 3 курса бакалавра (г. Туркестан, Казахстан)

E-mail: khulkar.tursunkulova2023@ayu.edu.kz

«СИЯСЕТНАМЕ» – ИНСТРУМЕНТ ДЛЯ ПРАВИТЕЛЕЙ: ОСНОВНЫЕ ИДЕИ И СОДЕРЖАНИЕ ТРАКТАТА

Аннотация.

В статье представлен всесторонний анализ политико-философского трактата «Сиясатнама», написанного выдающимся визирем XI века Низамом аль-Мульком, служившим при сельджукских султанах Алп-Арслане и Малик-шахе. Рассматриваются структура, жанр и основные идеи произведения, которое выступает в качестве политико-этического кодекса для правителей. Ключевые принципы-справедливость, совет, ответственность и единство религии и государства- раскрываются через многочисленные исторические примеры. Особое внимание уделяется важности прямого общения правителя с народом, регулярному рассмотрению жалоб, наказанию несправедливых чиновников и необходимости советоваться с учёными и мудрецами перед принятием важных решений. Подчёркивается также назначение компетентных лиц на ответственные должности. Помимо исторического контекста, «Сиясатнама» рассматривается как образовательный и идеологический источник, актуальный для современного государственного управления. В статье акцентируется её влияние на лидерство, этику и духовное развитие молодёжи, а также обсуждается связь с проблемами управления и этики в Казахстане. Таким образом, трактат демонстрирует свою непреходящую значимость для современной политической культуры и подтверждает роль Низама аль-Мулька как мыслителя, чьи идеи остаются востребованными в XXI веке, сохраняя воспитательное, культурное и научное значение.

Ключевые слова: Сиясетнаме, Низам аль-Мульк, Малик-шах, политико-этический кодекс, справедливость, совет, власть, воспитание, идеология, исторические примеры

Zulpikharova E.

Candidate of historical sciences, associate professor
Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University
(Turkestan, Kazakhstan)
E-mail: elmira10.72@mail.ru

Tursunkulova Kh.

Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University
3rd-year bachelor student (Turkistan, Kazakhstan)
E-mail: khulkar.tursunkulova2023@ayu.edu.kz

“SIYASATNAMA” – A TOOL FOR RULERS: CORE IDEAS AND CONTENT OF THE TREATISE

Abstract.

This article provides a comprehensive analysis of the political-philosophical treatise *Siyasatnama* written by the eminent 11th-century vizier Nizam al-Mulk, who served under the Seljuk sultans Alp Arslan and Malik Shah. The study explores the structure, genre, and central ideas of the work, which functions as a political-ethical code for rulers. Key principles such as justice, consultation, responsibility, and the unity of religion and state are highlighted through numerous historical examples. The treatise emphasizes the importance of direct communication between rulers and their subjects, the weekly review of complaints, the punishment of unjust officials, and the necessity of consulting scholars and wise men before making major decisions. It also stresses the need to appoint competent individuals to positions of responsibility. Beyond its historical context, *Siyasatnama* is examined as an educational and ideological source relevant to modern governance. The article underscores its influence on leadership, ethics, and the spiritual development of youth, while also discussing its connection to issues of governance and ethics in Kazakhstan, demonstrating its enduring significance for contemporary political culture.

Key words: *Siyasatnama*, Nizam al-Mulk, Malik-shah, political-ethical code, justice, consultation, governance, education, ideology, historical examples

Кіріспе. Низам әл-Мүлік - Ұлы Селжұқ мемлекетінің көрнекті уәзірі, исламдық басқару жүйесінің негізін қалаушылардың бірі. Оның «Сиясатнаме» атты трактаты - билеушілерге арналған саяси және этикалық нұсқаулықтар жиынтығы. Бұл еңбек тек басқару тәжірибесін сипаттап қана қоймай, билеушінің мінез-құлқы, халықпен қарым-қатынасы, дінге құрметі, әділеттілік пен жауапкершілік секілді құндылықтарды насихаттайды. Трактатта 51 бөлім бар, олардың әрқайсысы нақты тарихи хикаялармен толықтырылған. Бұл еңбек қазіргі заманғы басқару мәдениеті мен саяси философияны түсінуде маңызды дереккөз болып табылады.

Бұл мақаланың мақсаты – Низам әл-Мүліктің «Сиясатнаме» трактатының мазмұнын, құрылымын және жанрлық ерекшеліктерін талдап, ондағы билеушілерге арналған саяси-этикалық қағидаларды анықтау, әділет, кеңес, жауапкершілік, дін мен мемлекет бірлігі сияқты ұстанымдарды тарихи мысалдар арқылы көрсету және еңбектің қазіргі басқару жүйелерімен байланысын ашу.

Қазіргі заманғы басқару жүйелерінде билік пен этиканың үйлесімділігі маңызды рөл атқарады. Жастар арасында өзектілігі - рухани, тәрбиелік және көшбасшылық мазмұнының қазіргі заманмен үндестігі. Бұл еңбек жастардың тұлғалық дамуына, тарихи санасының қалыптасуына ықпал етеді.

Негізгі бөлім. Трактаттың авторы (Низам әл-Мүлік) Ұлы Селжұқ мемлекетінің және түркі тарихының әйгілі мемлекет қайраткері, уәзір Низам әл Мүліктің шын есімі - Хасан ибн Али ибн Исхақ ибн әл-Аббас әт-Туси. Ол Хорасан аймағындағы Тус қаласына қарасты Радкан ауылында 1018 жылдың 10 сәуірінде дүниеге келген.

Низам әл-Мүліктің әкесі Али ибн Исхақ Ғазнауилердің Тус қаласындағы әкімшілікте жұмыс істеген. Низам әл-Мүліктің анасы ол сәби кезінде қайтыс болғандықтан, оның тәрбиесімен әкесі айналысқан [1,56].

Данданакан шайқасынан кейін (1040ж) Низам әл-Мүлік Тус қаласынан Хуривжирге одан әрі Ғазнаға көшкен. Ғазнауилерден кейін Мерв қаласында билік жүргізген Чағры бейдің қызметіне кірді. Біраз уақыт бойы Белх уәлиі болған Әбу Али ибн Шаданның қол астында хатшы болып жұмыс істеген. Мустафа Шахинның «Хабибус Сийер» кітабынан үзінді келтіргені бойынша Чағры бейдің Низам әл-Мүлікті Алп Арсланның қызметіне тапсырғанда: “Ол сен үшін сенімді адам болсын” дегенін жеткізеді. 1060 жылы Чағры бейдің қайтыс болғаннан кейін Алп Арсланның уәзірі болған.

Селжұқтардың басқа уәзірі - Амид ул Мулк Кундури Низам әл-Мүлікпен бәсекелестігін оның алғашқы уәзірлік кезеңдерінен көрсеткен. Низам әл-Мүліктің шынайы саяси рөлі Сұлтан Тұғырлы бейдің қайтыс болғаннан кейін басталған тақ таластан көруге болады. Алп Арслан өзінің туысы Арслан Ябғудің ұлы Куталмышпен билікке талас кезінде, Низам әл-Мүлік Алп Арсланды қолдады. Низам әл-Мүлік 1063 жылы 6 желтоқсанда ресми түрде уәзір болып тағайындалды.

Оның бірнеше лақап аттары болған. Оның бірі Аббаси халифасы берген «Қиваму Дәуле Уәддин» және «Рази Әмирул Муминин» деген құрметті лақаптар берген. Сонымен қатар, ол «Тәжүл-хазратейн», «Уәзір-и Кәбір», «Хаже Бүзүрг» және «Атабекүл-жүйүш» секілді атақтарға да ие болған. Низам әл-Мүліктің жеке белгісі — «Әлхамдулиллаһи аля ниамихи», яғни «Алланың нығметтері үшін мадақ болсын» деген сөз болған.

Селжұқтар уәзірі Амидүлмүлк Күндүридің қызметтен алынуы және түрмеге жіберілуі Низам әл-Мүліктің биліктегі орнын нығайтты [2,228]. Низам әл-Мүлік — өте қабілетті уәзір, ал оның ықпалын шектеген Амидүлмүлктің биліктен кетуі оның жолын ашты. Низам әл-Мүлік басқаруды толық өз қолына алғаннан кейін, мемлекет ішіндегі бұрынғы ішкі тартыстарды тоқтатып, дивандарды қайтадан ретке келтіріп, мемлекеттің негізін нығайтты. 1071 жылдың 26 тамызындағы Малазгирт шайқасынан басқа барлық әскери жорықтарға сұлтанмен бірге қатысқан.

Малазгирт шайқасы алдында жеңіліс мүмкіндігін ескерген Сұлтан Алп Арслан Низам әл-Мүлікке өзінің ұлы Меликшахқа қолдау көрсетуін және өзі қайтыс болған жағдайда уәзірлік қызметін жалғастыруын аманат етіп тапсырған. Бұл аманат шын

мәнінде Алп Арсланның Меликшахты мұрагер ретінде жариялағанын білдіреді. Низам әл-Мүлік 1072 жылдың 25 қарашасында Алп Арслан қайтыс болғаннан кейін оның ұлы Меликшахтың таққа отыруын қамтамасыз еткен [2,229].

Сұлтан Мәликшах Бағдадқа жорыққа шыққанда қасында уәзірі Низам әл-Мүлік те бірге болған. Нихавенд пен Саһе (қазіргі Иран) арасындағы бір жерде, ауызашардан кейін, оның шатырына сопы кейпіндегі бір адам келіп арыз тапсырады сол уақытта батинилердің басшысы Хасан Саббахтың адамы оны қанжар сұғып өлтіреді. Ол 1092 жылы 14 қазаны қайтыс болған. Исфаһанда жерленген [2,232].

Низам әл-Мүлік күшті орталықтандырылған мемлекет дәстүрін ұстанды. Ол үлкен беделге ие болып, Селжұқтар мен Бағдадатағы араб халифтерінің бірігуіне ықпал еткен. 30 жылға жақын билік жүргізіп, орталық билікті қалпына келтірді, салық жинау жүйесінде реформа жасады. Сонымен қатар, Низам әл-Мүлік мәдениет және білім саласында өз үлесін қосқан. Низамия деп аталған медреселер жүйесін құрды. Ол өз дәуірінің тарих, дипломатия, математика және астрология ғылым салаларында білімге ие болған [3,149].

Трактаттың құрылымы мен жанрлық ерекшеліктері. Низам әл-Мүлік басқару ісін әділетті жүргізген уәзір, сонымен қатар парсы тілінде саяси трактат жазғаны үшін де танымал. Уәзір бұл тәжірибесін жазбаша түрде жеткізген маңызды еңбегі - Сиясатнаме. Бұл еңбегінде мысал ретінде келтірілген оқиғалар арқылы өз ойларын білдірген. Өзінің еңбегінің басында атап өткендей 1086-1087 жылы Сұлтан Меликшах мемлекеттік басқаруға қатысты кітап жазу үшін мемлекет қайраткерлеріне жазылатын еңбегінің шеңберін белгілеп, тақырыбын нақтылап тапсырма бұйырған. 1091 жылы тапсырмаға сәйкес Низам әл-Мүліктен бөлек Тажүл-Мүлк, Әбул-Ғанаим және Мәждүл-Мүлк секілді мемлекет қайраткерлеріде өз еңбектерін ұсынған. Жазылған еңбектердің ішінде сұлтан тарапынан жоғары бағаланған.

Низам әл-Мүлік өз еңбегінің алғысөзінде Меликшахтың қызметкерлеріне: «Әрқайсыңыз мемлекетіміз туралы ой жүгіртіңіздер. Қазіргі заманда жақсы емес нәрселердің не екенін, Дергах, Диван және Баргахымызда талаптарды орындай алмай жүргендерді немесе бізден жасырылған жоспарларды, бізден бұрынғы патшалар орындаған, ал бізде қамдану болмаған қандай мемлекеттік істер бар екенін қарастырыңыздар. Бұларды бізге тікелей жеткізіңіздер, ойланайық. Ашық түрде жазыңыздар, сонда дін мен дүние істерінің дұрыс атқарылуы үшін бұйрық беріп, қажетті шараларды қабылдаймыз. Ешбір нәрсе кем, бұзылған немесе Ұлы Алланың бұйрығы мен шарифатына қайшы болмауы керек, бәрі дұрыс жүргізілуі тиіс», - дегенін жеткізеді.

Еңбек бастапқыда сұлтандарға арналған кітап ретінде жазылғанымен, ол өркениет, мекемелер тарихы, ұйымдық құрылым тарихы, мемлекеттер құқығы секілді салаларда мол мағлұмат беретін, әрі тарихи құндылығы бар еңбек болып табылады. Низам әл-Мүлік бұл еңбекте тек насихат беріп қана қоймай, Селжұқ мемлекетінің мемлекеттік құрылымы, саяси, әскери, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық жақтарының жағдайын, жұмыс істеу тәртібін, кемшіліктерін және оларды түзету жолдарын ұсынады. Бұл ұсыныстарды мысалдар мен нақты оқиғалар арқылы баяндаған. Еңбекте хикаялар мен аяттар, хадистер, қиссалар келтірілген [2,240].

Сиясатнама 51 бөлімден тұрады, олардың көпшілігі әр тарауға қатысты ғибратты әңгімелерді қамтиды:

1 бөлім Адамдар мен уақыт істері туралы; әлемнің иесі Ғияс ад дуниа ва-д-динге мадақ- оның сыры қасиеті болсын

2 бөлім Мемлекет басшыларының Жаратқанның игіліктері үшін алғыс білдіруі туралы

3 бөлім Мемлекет басшысының әділеттілік пен ізгі өмір салтына қатысты шағымдарды қарастыру туралы

4 бөлім Әмилдер, уәзірлер мен ғұламалардың істерін үнемі ақылмен бақылау туралы

5 бөлім Мукта туралы, олардың халықпен қарым-қатынасын зерттеу туралы

- 6 бөлім Жазалаушылар, хатибтер, мухтасибтер және олардың істерінің нәтижелілігі туралы
- 7 бөлім Әмил, қази, шихне, раис істерін және басқару шарттарын зерттеу туралы
- 8 бөлім Шаріғат пен сенім істерін зерттеу және хабардар болу туралы
- 9 бөлім Мушрифтер және олардың жеткіліктілігі туралы
- 10 бөлім Сахиб - хабарлар және патшалық істер бойынша шаралар туралы
- 11 бөлім Патшаның бұйрықтарына және сарайдан ғұламаларды жіберу туралы
- 12 бөлім Маңызды істер үшін сарайдан ғұламаларды жіберу туралы
- 13 бөлім Мемлекет пен халық игілігі үшін тыңшыларды жіберу шаралары туралы
- 14 бөлім Жеделхатшылар мен құстарды тұрақты түрде жіберу туралы
- 15 бөлім Мас және сергек күйде бұйрықтарға назар аудару туралы
- 16 бөлім Жақын вакил және оның істерінің нәтижелілігі туралы
- 17 бөлім Надимдер, вакилдер және олардың істерінің тәртібі туралы
- 18 бөлім Мемлекет басшысының ғалымдар мен данышпандардың кеңесуі туралы
- 19 бөлім Муфридтер, олардың қамтамасыз етілуі, жабдыкталуы және істерінің тәртібі туралы
- 20 бөлім Патша қабылдауында асыл тастармен безендірілген қару жарақ тәртібі туралы
- 21 бөлім Елшілер мен олардың істері туралы
- 22 бөлім Тоқтау орындары жем-шөп дайындау туралы
- 23 бөлім Әскердің мүлктік жағдайының айқындығы туралы
- 24 бөлім Әр түрлі әскер түрлерін қамтамасыз ету туралы
- 25 бөлім Сарайда әртүрлі тайпалардан келген әскер мен тұтқындағыларды ұстау туралы
- 26 бөлім Түрікмендердің ғұлам лауазымында, түркілерді соған ұқсас лауазымдарда ұстау туралы
- 27 бөлім Құлдарды қызмет кезінде қинамау және олардың істерінің тәртібі туралы
- 28 бөлім Жақындары мен басқаларының патша қабылдауы туралы
- 29 бөлім Ішімдік ішу жиналыстарының тәртібі және ережелері туралы
- 30 бөлім Құлдарды қызмет кезіндегі тұру тәртібі туралы
- 31 бөлім Әскердің қажеттіліктері мен талаптары, патша нөкерлерінің қызметі туралы
- 32 бөлім Жабдықтар, қару-жарақ және жорықтық құралдарды ұйымдастыру туралы
- 33 бөлім Жоғары лауазымды тұлғаларға кателіктер мен тәртіп бұзушылықтар үшін ескерту жасау туралы
- 34 бөлім Сағатшылар мен қақпа күзетшілердің істері туралы
- 35 бөлім Патша дастарқанының жақсы ұйымдастырылуы және тәртібі туралы
- 36 бөлім Лайықты қызметкерлер мен құлдарда марапаттау туралы
- 37 бөлім Икта мукта және халық істеріне қатысты сақтық шаралары туралы
- 38 бөлім Мемлекет басшысының мемлекеттік істердегі байсалдылығы туралы
- 39 бөлім Әмір-харадж, лихтер және жазалау құралдары туралы
- 40 бөлім Патшаның Жаратқанның құлына мейірімділігі және әрбір істе ереже мен дәстүрді сақтау туралы
- 41 бөлім Лауазымдардың маңыздылығы
- 42 бөлім Бір адамға екі қызметті жүктемеу, бос жүргендерге қызмет беру, сенімді адамдарға лауазым беру, ал сенімсіздерден аулақ болу туралы
- 43 бөлім Әйелдерге қатысты, әскери шендер мен басшылардың тәртібін сақтау туралы
- 44 бөлім Патша мен исламға жау еретиктердің істерін анықтау туралы
- 45 бөлім Мездиктің пайда болуы, оның сенімі және оны Нуширван Әділдің өлтірілуі туралы
- 46 бөлім Нишапурдан Рейге мұсылмандарға қарсы шыққан Сумбад Тябра және оның бүлігі туралы

47 бөлім Кухистанда, Иранда және Хорасанда карматтар мен батиниттердің пайда болуы туралы

48 бөлім Хорасан мен Мауераннахр батиниттердің көтерілісі туралы

49 бөлім Қазына сақтау, ереже мен тәртіпті сақтау туралы

50 бөлім Шағымданушылардың істерін қарау, әділеттілікті жүзеге асыру туралы

51 бөлім Меншік есебін бақылау және оның тәртібі мен тәсілі туралы [4,376-378].

Әр бөлімнің басында автордың өз ой пікірлерінен бөлек, мынандай хикаялар баяндалған: Мұхаммед пайғамбардың сөздеріне қатысты-22, кейбір пайғамбарларға қатысты-4, Хулафа-и Рашидинге-7, Омейялар дәуіріне-7, Аббасилерге-9, Сафевилерге-1, Саманилерге-2, Бувейхилерге-2, Ежелгі Грекияға-1, Сасанилерге-3, Ғазнауилерге-13, діни сипаттағы көтерілістерге-11, Ұлы Селжұқтарға-6 қатысты хикаялар келтірілген. Сондай-ақ, Ежелгі Грекияға қатысты-2, Сасанилерге-3, Хулафа-и Рашидинге-2, Аббасилерге қатысты ғибрат пен насихат келтірілген.

Низам әл-Мүлік бастапқыда 39 бөлім ретінде жазған, кейіннен 11 бөлім қосылған. Ол өлімінен кейін сұлтанға табыстау үшін сұлтанның жеке кітаптарын жазған хатшы Мұхаммед Мағрибге қалдырған [2, 242].

Трактат - билеушіге арналған этикалық нұсқаулықтар, саясат жүргізуге байланысты кеңестер жиынтығы болып табылады. Онда діни білім мен әділетті бола білу қажеттілігі ерекше атап өтіледі. Низам әл-Мүлік әділеттіліктің мәнін былай түсіндіреді: ол - әлсіздерді қорғау [3,149]. Енді кітаптан үзінді келтірейік. Үшінші бөлімінде «Билеуші міндетті түрде апта сайын халықтың шағымдарын қарауы тиіс, әділетсіздікке ұшырағандарды тыңдап, зұлымдық жасағандарды жазалап, халықты тікелей өзі қабылдауы керек. Халық арасында әлемнің иесі шағымданушыларды мен арыз айтушыларды апта сайын қабылдайды деген сөз тараса, онда зұлымдар қорқып, зорлық-зомбылық тоқтайды, ешкімнің әділетсіздікке баруға батылы жетпейді». Ол халықпен билеушінің тікелей байланысқанда ел арасында әділет орнайды дейді [4,16].

Низам әл-Мүліктің пікірі бойынша патша маңызды шешімдерді қабылдаудан алдын сарайдағы ғалымдар мен данышпандардан кеңесуі қажеттілігін жазады. Трактаттың 18 бөлімінде: «Билеуші қандай да бір іске кірісер алдында немесе маңызды шешім қабылдауы қажет болғанда, ол міндетті түрде ғалым мен данышпандардан, жақын адамдармен кеңесуі тиіс. Әркім өз пікірін, қажетті деп санаған ұсынысын айтуы керек, билеуші пікірлерін тыңдап, ортақ шешім қабылдайды. Шешім мен тәртіп, көрегендік-барлық ақыл иелері бір пікірге келгенде ғана пайда болады. Кеңесуден бас тарту-ақылсыздықтың белгісі» - бұл үзінді кеңес арқылы басқару принципін көрсетеді. Ол билеушінің дара шешім емес, бірлескен ақылмен әрекет ету керектігін насихаттайды [4,98].

Қызметті лайықты адамға беру туралы былай дейді: «Бір адамға екі істі жүктемеу керек. Бұл немқұрайлық пен әділетсіздікке келеді. Лауазымдарды иманы берік, мінезі көркем адамдарға ғана тапсырылуы тиіс». Низам әл-Мүлік мемлекеттік басқаруда жауапкершілік пен әділеттілікті сақтау үшін қызметті лайықты адамдарға беруді маңызын көрсетеді [4,161].

Ал 38 бөлімінде мемлекет басшысының мемлекеттік істерінде байсалдылығы туралы былай келтіреді: «Асығуға болмайды. Егер патша бір хабар естісе немесе бір нәрсе оған маңызды болса, сабыр сақтауы керек, шын жағдайда білмейінше және жалған мен шындықты ажыратпайынша шешім қабылдамауы тиіс. Екі қарсылас келіп, бір бірі туралы сөйлегенде, патша қай тарапқа бейім екенін білдірілмеуі керек, өйткені егер әділ жақ патшаның өз жағына қарсы екенін сезсе, ол қорқып ойын ашық айтпауы мүмкін, ал керісінше, жалған айтушы мен әділетсіз жақ батылданып кетуі ықтимал » - деп билеушінің әділ шешім қабылдауында асықпауын айтады [4,141].

Трактаттың аудармалары. «Саясатнаме», — деп жазады профессор Б.Н. Заходер, — «бұл маңызды саяси құжат, орталық үкіметтің ыдырауына қарсы бағытталған еңбек.

«Саясатнаме» орталықтандырылған мемлекет құруға шақырып, күшті мемлекеттік мекеме, армия және басқа да бақылау құралдарын жасауға үндейді».

«Саясатнаменің» ең көне нұсқалары Ұлыбритания музейінде және Берлинде сақталған. Бұл нұсқалар 1168–69 жылдары Урмия қаласында әмір-қажып Әли Жамалиддиннің бұйрығымен көшірілген. Чарльз Шеффер 1291 жылы көшірілген басқа нұсқаны пайдаланып, еңбекті француз тіліне аударып, 1893 жылы басып шығарған. 1914 жылы Калькутта қаласында еңбектің тас баспа нұсқасы да жарық көрген. Кейіннен, 1932 жылы Тегеран қаласында Ибрагим Халхolidің қатысуымен «Саясатнаме» бес нұсқа негізінде салыстырылып, басылып шығарылған.

Б. Н. Заходер Низомулмүліктің бұл еңбегін ұзақ жылдар бойы зерттеп, 1949 жылы орыс тіліне аударып, бастырып шығарды. 1960 жылы еңбек ағылшын тілінде жарық көрді.

«Саясатнаменің» тағы бір басылымы 1989 жылы Душанбеде жарық көрді. Еңбекті басып шығарған ғалым А. Девонакулов өзінің алғысөзінде еңбектің негізінен көркемдік маңызын жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан талдаған. Алайда, бұл басылым кейбір кемшіліктерден таза емес: еңбектің кейбір тараулары түсіріліп қалған.

«Саясатнаменің» 2010 жылғы өзбек тіліндегі аудармасына еңбектің 1932 жылғы Иран басылымы негіз етіп алынды. Кітаптың көпшілікке арналған басылым екенін ескере отырып, кейбір бөліктері қысқартылды және еңбек тілі өзбек тіліндегі баяндау мәнеріне жақындатылып берілді [5,10].

Сиясатнаменің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мен этика мәселелерімен байланысы. «Сиясатнаме» трактатындағы әділет, халыққа қамқорлық, рухани құндылықтарды үйлестіру мәселесі қағидалары Қазақстан мемлекеттік қызметшілердің Этикалық кодексінде бекітілген нормалармен тікелей үндеседі.

Низам әл-Мүлік әділеттілікке мемлекеттің тірегі деп атап: «Әділет болмаса, дүниеде тәртіп те болмайды, адамдар бір-бірімен келісімде өмір сүре алмайды.» - деп жазады [4,25]. Ал Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Этикалық кодексінің 5-бабында: «Мемлекеттік қызметшілер қоғам мүддесіне адалдық танытып, заңдылық пен әділеттілікті сақтауға міндетті.» - деп көрсетілген [6].

Халыққа қамқорлық туралы трактатта: «Егер билеуші халықтың мұң-мұқтажын ойлап, олардың шағымдарын тыңдап, жағдайын жеңілдетуге тырысса, елде тыныштық орнайды.» Ол билеушінің басты міндеті халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, олардың жағдайын жақсартуға күш салу керек екенін көрсетеді [4,28]. Кодексте қоғамға қызмет ету туралы 3- бабында: «Мемлекеттік қызметтің мәні - қоғамның өмірлік қажеттіліктерін қамтамаңыз ету және қоғамдық мүдделерді тиімді қанағаттандыру» - деп жазылған [6]. Сонымен қатар, трактатта рухани құндылықтардың маңызы ерекше айтылады: «Патшалық дінге сүйенеді, егер дін бұзылса патшалық та берік болмайды» [4,42]. Ал рухани және мәдени құндылықтар туралы кодекстің 10 - бабында: «Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік және басқа тілдерге, халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарауы тиіс» - деп жазылған.

«Егер билеуші тек қана қаталдықпен басқарса, халық қорқынышта өмір сүреді, ал егер рақымшылық жасаса, тәртіп бұзылады. Сондықтан жаза мен кешірімнің арасындағы теңдікті сақтау қажет» [4,63]. Бұл ой қазіргі мемлекеттік басқарудағы құқықтық нормалар мен гуманизмнің үйлесімін көрсетеді. Әділ жаза қоғамды тәртіпке шақырады, ал рақымшылық адамгершілікті сақтайды.

Кеңешілердің рөлі туралы: «Патша жалғыз өзі барлық істі шеше алмайды. Оның жанында ақылды, адал уәзірлер болуы тиіс, олар халықтың жағдайын жеткізіп дұрыс кеңес береді» [4,78]. Бұл үзіндіде билеушінің жанындағы кеңесшілердің қоғам мен билік арасындағы байланысты қамтамасыз ететінін айтады. Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілердің Этикалық кодексінде де «қоғамдық мүдделерді тиімді қанағаттандыру үшін кәсібилік пен жауапкершілік» қағидаты бекітілген.

Низам әл-Мүліктің трактаты мен Қазақстанның қазіргі Этикалық кодексі арасында айқын сабақтастық бар: екеуіде халыққа қызмет ету арқылы қоғамдық тәртіпті нығайтуға бағытталған.

Қорытынды. Низам әл-Мүліктің «Сиясатнаме» атты трактаты – XI ғасырдағы саяси-философиялық ойдың ең көрнекті ескерткіші. Бұл еңбек тек Селжұқ мемлекетінің басқару тәжірибесін сипаттап қана қоймай, билеушілерге арналған саяси-этикалық кодекс ретінде де қызмет атқарды. Трактаттың мазмұны мен құрылымы билік пен қоғам арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Әділеттілік, кеңес, жауапкершілік, дін мен мемлекет бірлігі – еңбектің өзегін құрайтын басты ұстанымдар.

Низам әл-Мүлік әділеттілікті әлсіздерді қорғау деп түсіндіреді. Ол билеушінің халықпен тікелей байланысын, шағымдарды тыңдауын және әділетсіздікті жоюын басты міндет ретінде көрсетеді. Бұл қағида қазіргі заманғы басқару жүйелерінде де өзектілігін жоғалтпайды. Әділетсіздікке қарсы күрес – мемлекеттің тұрақтылығы мен халықтың сенімін сақтаудың негізгі шарты.

Трактаттағы тағы бір маңызды идея – кеңес арқылы басқару. Билеуші шешім қабылдаудан бұрын ғалымдар мен данышпандардың пікірін тыңдауы тиіс. Бұл ұстаным қазіргі демократиялық басқару жүйелеріндегі кеңесші органдардың, парламенттің және сарапшылардың рөлін еске түсіреді. Низам әл-Мүлік билеушінің дара шешім емес, ортақ ақылға сүйенген шешім қабылдауын насихаттайды.

«Сиясатнаме» еңбегінің тәрбиелік және идеологиялық қызметі ерекше. Ол билеушілерге ғана емес, жастарға да үлгі боларлық құндылықтарды дәріптейді. Әділеттілік, жауапкершілік, дінге құрмет, халыққа қамқорлық – бұл қағидалар бүгінгі күннің де рухани-адамгершілік негізін құрайды. Жастардың тарихи санасын қалыптастыруда трактаттың орны айрықша.

Низам әл-Мүліктің мемлекет басқарудағы тәжірибесі қазіргі Қазақстандағы мемлекеттік қызмет пен этика мәселелерімен үндеседі. Мемлекеттік басқарудағы ашықтық, әділеттілік, халықпен байланыс – бүгінгі күннің басты талаптары. Осы тұрғыдан алғанда, «Сиясатнаме» еңбегі тарихи дерек қана емес, қазіргі заманғы басқару мәдениетіне сабақ боларлық құнды мұра.

Қорытындылай келе, Низам әл-Мүліктің «Сиясатнаме» трактаты – билік пен қоғам арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін саяси-этикалық кодекс. Оның мазмұны мен идеялары бүгінгі күнге дейін өз маңызын сақтап келеді. Бұл еңбек жастардың рухани дамуына, тарихи санасының қалыптасуына ықпал етіп, қазіргі заманғы басқару жүйелеріне бағыт-бағдар бере алады. Сондықтан «Сиясатнаме» – өткеннің ғана емес, бүгінгі және болашақтың да құнды саяси-философиялық мұрасы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Muharrem K. Büyük Selçuklu devleti vezîri ve türk tarihînin önemli devlet adamlarından Nîzâmü'l-Mülk (1018-1092). İstanbul üniversitesi. İstanbul, 2018. -53-81s
2. Mustafa Ş. Büyük Selçuklu Devleti Vezîri Nizâmü'l-Mülk'ün Siyasal, Sosyal, Dinî ve Kültürel Hayattaki Rolü (1018-1092). History Studies, 2013. -225-245 s
3. Овлягулыев М., Солтанмуратов Г., Низам-ал Мульк и его культурное наследие. Международный научный журнал «Символ науки», 2025. -148-149 с
4. Сиясатнаме. Книга о правлении визиря XI столетия Низама аль-Мулька. Пер., введ. и примеч. проф. Б.Н.Заходера. Москва, 1949. -383 с
5. Сиёсатнома. Низомулмулк. Холмуродов Ш.(Ред.) Таржима ва сўзбоши Воҳид Ш., Эркинов А. Тошкент, 2010. -242 б
6. Этический кодекс государственных служащих Республики Казахстан. <https://adilet.zan.kz/rus>

REFERENCES

1. Muharrem K. Büyük Selçuklu devleti veziri ve Türk tarihinin önemli devlet adamlarından Nizâmü'l-Mülk (1018–1092). İstanbul Üniversitesi. İstanbul, 2018. – 53–81 s.
2. Mustafa Ş. Büyük Selçuklu Devleti Vezîri Nizâmü'l-Mülk'ün Siyasal, Sosyal, Dinî ve Kültürel Hayattaki Rolü (1018–1092). History Studies, 2013. – 225–245 s.
3. Ovlyaguliyev M., Soltanmuradov G. Nizam-al Mulk i ego kul'turnoe nasledie. Mezhdunarodnyy nauchnyy zhurnal «Simvol nauki», 2025. – 148–149 s.
4. Siyasatname. Kniga o pravlenii vizirya XI stoletiya Nizama al'-Mulka. Per., vved. i primech. prof. B.N. Zakhodera. Moskva, 1949. – 383 s.
5. Siyosatnoma. Nizomulmulk. Kholmurodov Sh. (Red.) Tarjima va so'zboshi Vohid Sh., Erkinov A. Toshkent, 2010. – 242 b.
6. Eticheskij kodeks gosudarstvennykh sluzhashchikh Respubliki Kazakhstan. [Elektron resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus>